

УҚ	Қазақ тілі 23.01.2024
Міндеті	Міндеті: Балаларды жылы киім атауларымен таныстыру. Күнделікті тұрмыста жиі пайдаланылатын киім атауларын үйрету. Сөздік қорларын арттыра отырып, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға дағдылау. Суреттердегі киімдерді бояу ойынын ойната отырып, киімдегі түстерді дұрыс айтқызуға тәрбиелеу. Сөздер: Жемпір, маласай, тон, қолғап, етік.
Көрнекіліктер	Тақырыпқа байланысты суреттер, қуыршақ киімдері, үлестірмелі киім суреттер
Мотивациялық-қозғаушылық	Қуанамын мен де, Қуанасын сен де. Қуанайық, достарым, Жарымаған күн е!
Ұйымдастыру-шылық-іденушілік	Балалармен жылы киімдер туралы әңгіме жүргізіледі. Мұғалім: балалар біз бүгін сіздермен қыста киетін жылы киімдер туралы әңгімелесеміз. Дидактикалық ойын: «Кім көп біледі?» Өткен «Кім атаулары?» тақырыбын қайталау. Балалар тақырып бойынша сөздерді естеріне түсіріп, атайды. Дидактикалық ойын: «Ғажайып сандық» — Балалар сіздермен сиқырлы сандықты ашайық, оны ашу үшін сендерден көмек сұраймын. — Балалар, менімен бірге қайталаңдар. Аласай, аласай! Қуанып қалайық. Сиқырлап сандықты Қызыққа қанайық! — Бір, екі, үш, ғажап сандығым, ашыл! Сандықтағы киім арызды өткенді еске түсіру. Балалар сандықтағы таныс киім алып атайды: жейде, көйлек, шалбар. Жаңа сөздермен таныстыру. Сандықтың екінші түбінен киім алады: — Бұл – қолғап. Қол-ғап. Қ-қ-қа-қы-қи-қо. Ғап-ғап – әдемі қолғап. Қолғап әдемі. Қолғап – киім. (Бірінші дыбыстарына көңіл бөледі). — Бұл – тон. Т-т-т-та-то. Тоооон. Он-он – бұл – тон. Тон – киім. — Мынау – құлақшын. Құ-лақ-шын. Қ-қ-қ-қа-қу-құ. Құ-құ – құлақшын. — Құлақшын не? Құлақшын – киім. Мынау – етік. Е-тік, етік. Етіктің түсі қандай? (түсін атайды) Балалар сөздерді жеке-жеке, хормен айтып жаттығады. – Балалар, сандықтағы киім қандай екен? (әдемі). — Сендердің киімдерің қандай? Киімді тазға, ұқыпты кию керек. Ойын: «Кім тез байқайды?». Ойынның мақсаты: ұйымдастырылған оқу қызметі барысында үйренген сөздерді бекіту, есте сақтау қабілеттерін дамыту. Ойын шарты: педагог балалар көздерін жұмған кезде киімдердің орнын ауыстырып қояды, ал балалар орындары ауысқан киімдерді атайды. Сергіту сәті. О, керемет, керемет! Бейне аппақ көбелек. Ақша қар жай көлбеңдеп, Қонып жатыр жерге кеп. Ойын: «Аталған буынға киімдерді ата, көрсет», киім атауларының бірінші буыны айтылады, балалар киімді толық атайды. Қо – қолғап То – тон Құ – құлақшын Суретте қандай жыл мезгілдері бейнеленген? Қыста қандай киім киеді? Ата. Киім суреттерін бояу. Педагог тапсырмаларды түсіндіреді. Жеке жұмыс жүргізіледі.
Рефлексивті түзетушілік	Ойын «Ақырын-қатты» ойынын ойнату. Мұғалім ақырын айтқан сөзді балалар дауысын қаттырақ шығарып аятады. Педагог қорытынды жасайды.

Тексерілді : 23.01.2024 ж

Әдіскер:  А.Ж.Жумашева